## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 мамырдағы № 397 Қаулысы

«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес сот актілерін орындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне 2010 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 3222145,50 теңге (үш миллион екі жүз жиырма екі мың бір жүз қырық бес теңге елу тиын) бөлінсін.

2. Зиян келтірген мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 7 мамырдағы
№ 397 қаулысына
қосымша

## Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

| р/с № | Сот органының атауы және шешім шығарылған күні | Талапкер | Мемлекет кірісіне төленетін Мемлекеттік баждың шегергендегі сома ( теңге) | Мемлекет кірісіне төленетін мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы № 2 аудандық сотының 2009 жылғы 13 шілдедегі шешімі, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 7 қазандағы қаулысы | А.А. Бәшімов | 847800 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Жамбыл облысы Тараз қалалық сотының 2009 жылғы 13 шілдедегі шешімі, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысы | А . Н . Тастанбеков | 350000 | |
| 3 | Ақмола облысының Ерейментау аудандық сотының 2009 жылғы 7 қыркүйектегі шешімі, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 27 қазандағы қаулысы | Ж . Ж . Рахымбеков | 100000 | |
| 4 | Ақмола облысы Ерейментау аудандық сотының 2009 жылғы 7 қыркүйектегі шешімі, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 27 қазандағы қаулысы | С.М. Хасенов | 100000 | |
| 5 | Ақмола облысының Ерейментау аудандық сотының 2009 жылғы 7 қыркүйектегі шешімі, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 27 қазандағы қаулысы | Н.А. Сағалиев | 100000 | |
| 6 | Ақтөбе қаласы 2009 жылғы 16 қыркүйектегі сотының шешімі, Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 4 қарашадағы қаулысы, Ақтөбе облыстық соты қадағалау алқасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысы | Н.Н. Доценко | 1100000 | |
| 7 | Тараз қалалық сотының 2009 жылғы 6 қазандағы шешімі, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 17 қарашадағы қаулысы | С . У . Қожахметов | 500000 | |
| 8 | Алматы қаласының Алмалы аудандық сотының 1997 жылғы 14 тамыздағы шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2002 жылғы 8 наурыздағы ұйғарымы, Алматы қалалық сотының қадағалау алқасының 2004 жылғы 23 ақпандағы қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2007 жылғы 14 қыркүйектегі ұйғарымы | Е.И. Пак | 2010 жылғы қаңтардан бастап наурызды қоса алғандағы кезеңге — 17280 | |
| 9 | Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының 2003 жылғы 15 қыркүйектегі шешімі, Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысы, Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2005 жылғы 30 маусымдағы қаулысы | Ф.М. Кәрімов | 2010 жылғы қаңтардан бастап наурызды қоса алғандағы кезеңге — 93732 | |
| 10 | Алматы қаласының Алмалы аудандық сотының 1997 жылғы 10 қыркүйектегі шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі ұйғарымы, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы анықтамасы, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2005 жылғы маусымдағы ұйғарымы | Ю . И . Литвиненко | 2010 жылғы қаңтардан бастап наурызды қоса алғандағы кезеңге — 13333,50 | |
| Жалпы сомасы: 3222145,50 | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК